

БӨЛІМ: ҒЫЛЫМ

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БІЛІМГЕ ДЕГЕН ҮНТАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫЖАРИЯЛАНДЫ
07.10.2021СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/107420/>**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БІЛІМГЕ ДЕГЕН ҮНТАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ**

«Білім — біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы»

1. Байтұрсынов

«Қазақстан Республикасындағы 12-жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасында»: «Қазақстан қоғамындағы өзекті мәселелердің бірі- өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүруге дайын ғана емес, айналасындағы шынайы өмірге белсенді қатынасын байқатып, оны жақсартуға ықпал ете алатын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Осыған байланысты жеке тұлғаға қойылатын мынадай талаптар алдыңғы орынға шығады: креативтілік, белсенділік, әлеуметтік жауапкершілік, ой-өрісінің кеңдігі, танымдық әрекетке қызығушылығының сауаттылығы» деп айқын көрсетілген.[1,с. 23-25]

Мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс – тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру. Бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. Бұлар оқушының жеке қасиетін аша отырып, оқушының танымдық күшін қалыптастыру және білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасайды. Ұстаз болу үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуында басты рөл атқарады. Қазіргі кезде білім мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең білім беруіне жағдай жасап отыр. Жаңа технологияларды сабақта қолданудың

тиімділігі қашан да анық. Қазіргі кезде білім беру үрдісінде көптеген технологиялар қолданылады. Соның бірі «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын басшылыққа алдым. Бұл бағдарламаның мені қызықтырғаны, баланың өзі ізденіп, дәлелдеуі. Ол бұрын тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойлаушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. [2,с. 20-26]

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», — деген сөзі ізденімпаз, жаңашыл ұстаздарға арналғандай. Оқушы тақырыпты қаншалықты деңгейде меңгергенін ұғады. Егер білімді тексермесе, онда оқушы өз білімін терең, жан-жақты және дұрыс бағалай алмайды. Оқушы баға алған соң өзінің мектептегі, үйдегі жұмыстарын жетілдіруге, жақсы сапаларын дамытуға, білім, іскерлік, дағдыларындағы кемшіліктерді жоюға мүмкіндік алады. Қалыптастырушы бағалау технологиясын қолдану педагог пен баланың арасындағы кері байланыс, бұл – оқушының білім деңгейінің көтерілуіне ықпал етеді. Оқушы өзін бақылап, өзінің әрекет-тәсілдерін таңдайды, нәтижелерін өзі бағалайды, оны мұғалім жалғастырады. Осылайша бала мақсат қоя білу, күтілетін нәтижені жоспарлау, оны бағалау тәжірибесін жинақтау арқылы өзінің түйінді құзіреттіліктерін қалыптастырады. Кері байланыстың қай түрі болмасын, нені жақсы орындағанын белгілеп отыруы, қателіктер болған жағдайда мұғалім оқушының жұмысын жақсартуға байланысты нақты ұсыныстар беруі керек. Қалыптастырушы бағалаудың маңызды компоненттерінің тағы бір түрі – өзін-өзі бағалау және өзара бағалау. Өзін – өзі бағалау – өзіне – өзі баға қою деген сөз емес, бірақ бағалау қызметімен байланысты бағалау әрекетінің бір түрі. Өзін – өзі бағалаудың алгоритмі мынадай:

- 1) Тапсырманы орындауда нені жасау қажет?
- 2) Тапсырманың барлығын дұрыс орындады ма, әлде қателіктер жіберді ме?
- 3) Оқушы тапсырманы толығымен жеке орындады ма, әлде біреудің көмегіне сүйенді ме?
- 4) Тапсырманы орындау барысында қандай біліктіліктер дамыды ?

Олай болса шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үшін әр сабағымызда біз тек оқулық шеңберіндегі білімді үйретумен шектеліп қана қоймай, кең түрде әр баланың талабына, деңгейіне сай жұмыстарды саралап, ыңғайластыруымыз керек. [3,с. 3-10]

Білім мен тәжірибе ұштастыра отырып төмендегідей көрсеткіштерге қол жеткізуге болады.

Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

- белсенділік
- шығармашылық тұрғыда ойлау

-шешім қабылдай алу

-өз кәсібін дұрыс таңдай алу

-өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

1-сыныпта әліппе пәнінде күнделікті қолданып жүрген әдіс-тәсілдермен қатар, сабақтың мақсатына сай барынша ізденіп, оқушылардың жас ерекшеліктері мен мүмкіншіліктерін ескере отырып, оқушылардың логикалық ойлауын дамытатын тапсырмалар құрап, ол тапсырмаларды сабақта пайдалана білсек, оқушылардың сабаққа деген ынтасы мен қызығушықтары артып, бағдарламадағы материалды толығырақ меңгеріңе мүмкіншілік жасай аламыз. Сол арқылы оқу мақсатында берілген мақсатқа толықтай жете аламыз.

Мысалы,

1. Суреттердегі заттарды атап, сөйлем құра.

Озады

2. Сөздерден жұмбақ құрастырып оқы.

уақыт

сырт-сырт

соғады

- **Жұмбақтың шешуі не?**
- **Жұмбақтан еліктеу сөзді тап. Ол дара ма, күрделі ма?**

А) Берілген суреттердің алғашқы әріптерінен сөз құра

Ә) Сөздерді дұрыс жаз

2-сынып оқушыларына қазақ тілі пәнінде спорт тақырыбын түсіндіру барысында тек оқулықпен жұмыс істетіп қана қоймай, оқушылардың қызығушылықтарын арттыратын шығармашылық жұмыстар орындалатын болуы керек. Себебі, бастауыш сынып оқушылары көбіне ойынға бейім, шапшаң болып келетіндіктен, балаларға проблемалық сұрақ туғызудың әсері мол. Мысалы, спорт тақырыбына сай мәтін арқылы, оқушылардың білім алуымен қатар тәрбиеге жетелей аламыз. Оқушыларды өз ойын толық баяндай білуге үйрету, байланыстырып сөйлеу дағдысын қалыптастыру – әр мұғалімнің парызы. Сөздік жұмысы да, көрнекіліктермен орындалатын тапсырмалар да оқушыларды байланыстырып сөйлеуге даярлайды. Тиісті затты көзбен көру, қолмен ұстау немесе суретін көрсету арқылы жүргізілетін сабақ есте жақсы сақталады. Сурет бойынша мәтін құрастыру балалардың ойын, тілін дамытумен бірге, оқушыларды суреттің мазмұнын түсінуге үйретеді.

Спортшы Әділ

Әділ-сыныптағы балалардың ең кішісі, әрі нәзігі. Мұнысы, әсіресе дене шынықтыру сабағында аңғарылатын. Сапқа тұрғанда оқушылардың ең соңында қалатын. Онысына өзі де намыстанатын. Тез өсіп, боксшы болу – оның арманы еді. Ағалары ауланың бір бұрышына турник орнатып берді. Әділ күн сайын турникке тартылып, ақырында ұршықтай айналатын болды. Дене шынықтыру, спортпен айналысу Әділдің бұлжымас әдетіне айналды. Үшінші сыныпқа келгенде бойы өсіп, қайраттана түсті.

Бастауыш мектепті бітірген жылдың жазында спортқа әуес бір топ ауыл балалары бокс үйірмесіне қатысатын болды. Олардан кішкентай Әділде қалмады. Бокстасамын деп

жүріп өзінен үлкен балалардан таяқ жеп қалған кездері де болды. Бірақ Әділ алған бетінен қайтпады, бокс өнеріне деген ынта-ықыласы арта түсті.

1. Суреттердің ретін анықтаңыз. Нөмірлеп көрсетіңіз

- Суретке сүйеніп, мәтіннің мазмұнын айтыңыз.

2. Берілген сөйлемді сәйкестендіріңдер.

Мысал ретінде 3 сынып оқулығындағы мәтінге ұқсас мәтін алынады. Мақсаты мәтіндегі кейіпкерлердің іс – әрекетін талдау, іс – әрекеттің нәтижесін шығару, мәтіннің негізгі түйінді ойын табу.

Мерген қыз

Батальон шабуылға таң ата кіріседі. Артиллериялық дайындықтарынан шошыған фашистер үнсіз жатты. Окопқа бірнеше метр қалғанда ғана гитлерлік пулемет үн қатты. Әлия гранатаны дәл лақтырып, оның дыбысын өшірді. Қарсыластың қорғаныс шебінің алды жауланды.

Бір күнде батальон екі контршабуылға тойтарыс берді, ал келесі күннің таңында тағы да шабуылға көшті. Қардың үстінде шинельмен жатқан, бір қолы жараланған Әлияның салқынқанды оқтары жауға дәл тиіп жатты. Шабуылдың үшінші күні. Гитлерліктер шабуылын жалғастыруда.

Ордың бір бұрышынан фашист офицері Әлияның кеудесіне атады. Бар күшін жинап ол оған атылған оқпен жауап береді. Ең соңғы күшін жинаған Әлия өзін атқан жауды автоматымен жайратты да, ауыр жараланды. Жарасын таңып жатқызған Әлияны сұм ажал алып кетті. Қазақ халқының батыр қызы Әлия жау қолынан осылай қаза тапты

1. Төмендегі дауыссыз дыбыстардың ортасына оң жақтағы дауысты дыбысты араластырып, қосып сөйлемдерді оқыңдар.

Әлия-

Қ З Қ Х Л Қ Н Ң	А А А Ы Ы
Б Т Р Қ З	А Ы Ы Ы

2. Төмендегі сызбаға сүйеніп, жасырынған сөздерден мақалды тауып оқы. Мағынасын айт.

3. Мәтін бойынша берілген сөйлемдерге тиісті суретті таңдап, сөйлемдерді толықтырып жаз

Әлия гранатаны дәл _____, оның дыбысын өшірді.

Гитлерліктер _____ жалғастыруда.

Әлия өзін атқан _____ автоматтымен жайратты

Окопқа бірнеше метр қалғанда ғана гитлерлік _____ үн қатты.

Сонымен қатар, оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту барысында қызықты ребус қолдандым. Оқушыларды өз ойын толық баяндай білуге үйрету, байланыстырып сөйлеу дағдысын қалыптастыру – әр мұғалімнің парызы. Сөздік жұмысы да, көрнекіліктермен орындалатын тапсырмалар да оқушыларды байланыстырып сөйлеуге даярлайды. Тиісті затты көзбен көру, қолмен ұстау немесе суретін көрсету арқылы жүргізілетін сабақ есте жақсы сақталады. Сурет бойынша мәтін құрастыру балалардың ойын, тілін дамытумен бірге, оқушыларды суреттің мазмұнын түсінуге үйретеді.

1. Суреттердегі сөздерге септік жалғауларымен алмастырып айт.

Құр + барыс септік отырма.
+ жатыс септік ысқырма.

+ жатыс септік санын санама.

Бір + көмектес септік үзбе.

2.

Жоғарыда айтылған жұмыстардың барлығынан көретін нәтижеміз, тұлғаның; сөздік қоры молаяды, ізденімпаздыққа үйренеді, ойлау қабілеті артады, ойын еркін айтады, белсенділігі артады, шығармашыл жұмыс істейді, қиялы ұшталады, тапқырлыққа үйренеді. Тапсырмалардың тартымды, қызықты болуын қадағалау қажет, оған қойылатын талаптардың толық сақталуы тапсырманың сапасын арттырып, оқушының сөйлеу тілін дамытуға қолайлы жағдай туғызады. Сондықтан оқулықта, сабақта кездейсоқ алынған жаттығулар болмағаны тиімді.

Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытуда, функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда, өздігінен жұмыс жасаудың, білімді өздігінен игерудің маңызды екенін түсіндік. Бастауыш сынып оқушылары жаңа жүйелі оқу әдістері арқылы ізденгіш, зерттегіш, шығармашыл, проблемаларды өздігінен шеше алатын, қиын жағдайларда тығырықтан шығу жолдарын таба білетін, функционалды сауатты тұлға ретінде қалыптасады. Сонымен өзіндік жұмысты ұйымдастыруға қойылатын талаптар мыналар:

- жұмыстың көлемін шамадан айырмай, оның санасын арттыруға көңіл аудару;
- оқушының дербестігін арттырып, өзіндік білім алу қабілетін жүйелі түрде дамыту;
- өзіндік жұмыстың мазмұнына күнделікті өмірден алынған материалдарды, хабарларды енгізу;
- оқушыларды алған білімдерін іс-жүзінде қолдана білуге дағдыландыру;
- оқушыларды оқу жұмысына шығармашылық тұрғыдан қарауға, белсенді әрекет жасауға баулу;

Біздің алдымызда, келешек ұрпақты тәрбиелеуде үлкен де, жауапты міндеттің тұрғаны баршамызға белгілі. Оқыту барысында қол жеткен жетістіктерді айтар болсақ, оқушымен орындалатын әрбір өздігінен жұмыс өз нәтижесін беруде. Әрине, бұл мұғалімге де, балаға да өте үлкен жауапкершілікті артады. Мектепте заман талабына сай білім беру бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

«Қанша білсең, ізден тағы, тағы да, білікті адам жетер тілек, бағына» деген ғұлама Баласағұнның сөздері менің өмірлік қағидам. Ұлы педагог Ушинский: «Мұғалім білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, іздеуді тоқтатса, мұғалімдігі де

жойылады» деген болатын. Сондықтан әр бір мұғалім күнделікті сабағына өмір талабына сай дайындалып ақпараттық – коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалануы тиіс. Ол заман талабы. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында «Білім беру жүйесінің басты – міндеті ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу делінген.

Әрбір мұғалімнің басты міндеті-оқушының жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамыту. Олардың талантын, шығармашылығын ашуда өздігінен іздену, талпыну, өз нәтижесін береді. Оқу процесінде қолданылған тапсырмаларды қолдану кезіндегі оқушының іс-әрекеті критериалды бағаланып, рефлексия жүргізілсе онда біздің де алдымызда отырған оқушының да жұмысы, даму деңгейі бірден көрінеді және олардың функционалды сауатты болып дамитындығы сөзсіз. Яғни біз аталған мақсат, міндеттерімізді, Ел басымыздың алдымызға қойылған заман талабын орындауда өзіміздің бір үлесімізді қосамыз деген ойдамыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Н.А. Жапбаров. Білім беру жүйесін ақпараттандыруда электронды оқыту кешенін пайдалану тиімділігі // Білім образование. -2009. — Т.43. - № 1. С. 14-17.
2. Б. Сарсекенова. Ақпараттық — телекоммуникациялық технологиялардағы қашықтықтан оқытудың рөлі // Білім берудегі менеджмент. - 2010. - Т. — №1. С. 128-131.
3. Нұрғалиева Г.Қ. Электронды оқу жүйесі немесе жаңаша білім алу көзінің артықшылықтары қандай? / Нұрғалиева Г.Қ // Ұлан. - (<http://zhasorken.kz>).

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.